



Әдеби кейіпкерлер әлемі (интеллектуалдық олимпиада)



Ойын шарттары

I Тур. Әдеби шығармалардан үзінді беріледі.

Кейіпкерлер бейнесін анықтау.

10 сұрақ қойылады, әр сұрақ 10 балды құрайды.

II Тур. Әлем әдебиетінің озық шығармаларынан үзінділер беріледі.

Авторы мен шығарманың атауын табу керек.

Алдын ала ұпай сандары тігіледі.

Жауап алынбаған жағдайда 3 мүмкіндікті пайдалануға болады.

Әр мүмкіндік алған сайын ұпай шегеріле береді.

III Тур. Мысал өлең арқылы көрініс қою.

Сахна мәдениетіне -5 ұпай,

Кейіпкерді сомдау шеберлігіне – 5 ұпай,

Дауыс ырғағының үйлесімділігіне -5 ұпай.



II Тур

1. “Біздің кемеміз ашық теңіз бетіне сұрапыл қатты дауылға кездесіп, апатқа ұшырады. Кемедегі меннен басқа адамдардың бәрі де суға батты. Мен шала жансар күйімде қарғыс атқан осы аралға лақтырып тасталдым. Ол аралға “Түңілу” аралы деп ат қойдым.

Үзінді қай шығармадан алынған?
Авторын ата.



Даниэл Дефо “Робинзон Крузо”



2. Қанағат болды десек етер шағы,
Құтырды өскен сайын кемпір бағы.
Өткен соң бірер жұма, шақыртады
Балыққа жібермекке шалды тағы.
Үзінді қай шығармадан
алынған? Авторын ата.



А.С. Пушкин
“Балықшы мен Балық”
(А.Байтұрсынов аудармасы)



3. –Айналайын Джонси,- деді Сьюди еңкейіп.-Мен жұмысымды бітіргенше көзіңді ашпауға, терезеге қарамауға уәде етемісің?Мен мына жасап жатқанымды бітіруім керек қой. Өттең, жарық керек, әйтпесе терезенің шымылдығын түсіріп жіберер едім.

-Онда суретіңді салып болған соң айтарсың маған. Мен ең соңғы жапырақтың ұшып түскенін көруім керек.Күтуден жалықтым, ойлаудан жалықтым.

Үзінді қай шығармадан алынған?Авторын ата.



О, Генри “Соңғы жапырақ”.



4. Күндердің күн өтіпті,
Күн мезгілі келіпті.
Айлардан ай өтіпті,
Ай мезгілі келіпті.
Сөйте жүріп
Жетіге жасы толыпты.
Қойылған аты “Дәу жынды”
Болпиган балғын
Шері екенін кім білді.
Балаша шырқап шапқан жоқ,
Аяғын нығып басқан жоқ.
Белгілі аты “Дәу жынды”
.....деп атын кім білді...

Үзінді қай шығармадан алынған?
Авторын ата.

**Қырғыздың батырлық жыры
(эпосы) “Манас”.**



5. Ривера рингке елеусіз көтерілді. Әр тұстан шашыраңқы сараң ғана соғылған алақандар көрермен қауымның оған деген сенімсіздігін айқын сездіргендей. Шындығында бұл қауым үшін Ривера бөрі аузына тасталған жетім лақпен пара-пар еді. Өйткені оның қазіргі қарсыласы аты шулы азулы боксер ұлы Дэнни болатын.

Үзінді қай шығармадан алынған?
Авторын ата.



Джек Лондон “Мексика ұлы”.



6. Қоңқақ мұрын, кішкентай шал от басына жайғасып алып, өзінің басынан кешкен хикаялары жайлы гулетіп соғып отыр.

Қасындағылары өтірік күліп, қасақана қоштаған болады.

- Ой, қасқа! Жаса, Мюнхазуен!

Ал бұл қасқаның олармен ісі жоқ.

Айға ұшып барып, үш аяқты адамдардың арасында болғаны, өзін ғаламат үлкен дию балықтың жұтып қойғаны жайлы. Небір сұмдықты бүйрегі бүлк етпей соға береді.

Үзінді қай шығармадан алынған?

Авторын ата.





Рудольф Распе
“Мюнхаузеннің хикаялары”.



Қатысқандарыңызға көп-көп рахмет!

